

БАҚ, ДӘУЛЕТ, АҚЫЛ

(Аңыз)

Қолыма еріккен соң домбыра алдым,
Өлең қып хикаяны айтып салдым.
Бақ, дәулет, ақылменен серт байласқан,
Көп іздеп, бұл үшеуін бек сынадым.

Үшеуін кез келтірген бұлайша атап:
Бірі – дәулет, екісі – ақыл мен бақ.
Бас қосқан өздерінің мәжілісінде,
«Мен артық», «мен артық» деп болды жақ-жақ.

Ақыл айтты: мен артық сендерден де,
Тұратын менң орным көкірек, кеуде.
Сіздер сыртта жүресіз жылжып қонып,
Сенен опа көрген жоқ ешбір пенде.

Бақ айтады: артықпын менің өзім,
Еш далаға кетпейді айтқан сөзім.
Өзім мықты, сөзім пұл, алдымда топ,
Құр бекер мақтанасың жетпей көзің.

Екеуіңнен мен артық дейді дәулет,
Мен орнасам табылар күллі сәулет.
Үйде мүлік, ат пен ас, өрісте мал,
Бәрі тоқ: қатын-бала, тұқым, әулет.

Ақыл айтты: «Таласпа, екі ақымақ,
Саған қайда мендей боп өнер таппақ.
Екеуің бірік-тағы заклад сал,
Озармын сонда-дағы жұмыс нақтан».

Ал сонда, бір жігіт бар, Башар атты,
Малы көп, егіні көп салтанатты.
Күзеткен соның егінін бір ақымақ,
Нақұрыс, өзі жынды Мекей атты.

Бақ, дәулет келіп қонды Мекей ерге,
Нақұрыс күнде батып жүрген терге.
Бай қылып, патша қылып, білгіш қылып,
Қолын бір жеткізуге талай жерге.

Егінде Мекей жүрер торғай қуып,
Көрген жоқ жақсылықты өзі туып.
Қойнына тас пен ласты толтырып ап,
Белбеуін төмендетіп, нықтап буып.

Егіннің қазған құдық айналасы,
Мекейдің қойнында жүр салған тасы.
Көп керуен сол араға келіп қонды,
Ішінде Хакім атты керуен басы.

Қуанды көргеннен соң керуенді,
Керуеннен бұйрықты татпақ дәмді.
Аяндап келді Мекей қос қасына,
Қинаған тамақ үшін ғарып жанды.

Әдемі тігулі тұр алтын шатыр,
Ішінде бір байбатша ұйықтап жатыр.
Малайлар самауырмен шай қайнатып,
Тағы да бір семіз қой сойып жатыр.

Аяндап келді Мекей қос қасына,
Бір жұмыс даяр тұрған ер басына.
Малайлар Мекей жайын көргеннен соң,
Қойыпты «тезек сал» деп от басына.

Мекекең жағар отын шапшаңдатып,
Көл-көсір бір олжаға қалды батып.
Киімі күлді көмеш болғаннан соң,
Шешінер от басында терлеп жатып.

Тас түсіп, от басында қалды әншейін,
Мекекең «тас жетпейді» деп, қылмас уайым.
Төрт қырлы бір сопақ тас, қайрақ заты,
Білмейді малайлар да гауһар жайын.

Шай қайнап, ет піскен соң, тұрды мырза,
Етін жеп, шайын ішіп, болды риза.
Желпініп, кемеліне келгеннен соң,
Шатырдан тысқа шығып жүрді мырза.

Біреу жүр от басында, салса көзін,
Адам бір айтар емес оның өзін.

Садақа бұл балаға берейін деп,
Алдырып тоғанақтан берді бөзін.

Мырзаның қабыл болсын берген бөзі,
Қош болды, жылы жүзі, сөйлер сөзі.
Ешкімнің жұмысы жоқ жатқан тасқа,
Сол кезде байбатшаның түсті көзі.

Байбатша әлгі тасты қолына алды,
Шұқылап тырнағымен, көзін салды.
Сұмдық па, гауһар шашқан айлакер ме?
Япырай, бұл қалай деп ғажаптанды.

«Мынау тас сенікі ме, балам, - дейді, -
Көңілің қалай жеңіл алаң, - дейді.
Тұрады қайтер ед деп сөзін байқап, -
Сенікі болмаса, мен алам, - дейді.

Мекей айтты: «Бағана алып едім,
Қойныма қайрақ па деп салып едім.
Керек болса, сол жерде толып жатыр,
Қолдағы пышағымды жанып едім».

«Ендеше көрсет маған осы тасты,
Жоқ болса өз бойында өшті-қасты.
Әзір қып, тас та болса, пайда қылып,
Сонымен адалдайық ішкен асты».

«Қайрақтың көрсетейін жатқан сайын,
Көрінер топырағын ашса дайын.
Аз ғана емес, қайрақ тас толып жатыр,
Жараса жұмысыңа, ағатайым!»

Екеуі әлгі тасты көрмек болды,
Соңынан бұл Мекейдің ермек болды.
Тастары іске жарап, пайдаға асса,
Мекейге жалауына¹ бермек болды.

Екеуі келе жатыр жатқан тасқа,
Әркімнің парасаты басқа-басқа.

¹ Жалауына - ақы, құн.

Хакім ойлап келеді ақылға сап,
Көрсетпесем екен деп дос пен қасқа.

Байбатша әлгі тасты көрді көзі,
Ойлайды әрбір ойды тұрып өзі.
Гауһарды қайра жаба бүркеп тастап,
Хакімнің Мекей жасқа айтқан сөзі:

«Ей, Мекей, дәулетім көп жұрттан асқан,
Перзент жоқ, кемшілік көп болған бастан.
Арманда Хакім ұлға деген болса,
Не пайда киген киім, ішкен астан.

Тұқымың, әке-шешең бар ма сенің,
Мынау ғой кемшіліктен көрген күнің.
Егерде сені жоқтар жан болмаса,
Жалғанда перзент еді менің мұңым!

Дүнием бар бір басыма менің жетер,
Сөзімде айтып тұрған жоқ-ты бекер.
Көрмедім екі қатыннан жалғыз бала,
Шырағым, маған перзент болсаң нетер?»

«Бұл сөзің, ағаке жан, құп ұнайды,
Адамға өтірік айту жарамайды.
Жоқ еді жан ашитын жақын бауырым,
Әуелде жазған шығар осындайды».

Екеуі сол арада уәделесті,
Қайтадан ашпақ болды әлгі тасты.
Мекейді қосқа бар деп қоя берді,
Түйе іздеп, басамын деп ішкен асты.

Түйесін Хакім келіп аралады,
Табанын тебен тіліп жаралады.
Түйем сарып болыпты дегеннен соң,
Бұларға басқа керуен қарамады.

Көп керуен сол арадан кетті көшіп,
Хакімге кез келтірді тастан несіп.
Босатты 20 күйме жүгін сайлап,
Сол жерде тоғанақтың бәрін шешіп.

«Алып кел сандығымды киім салған,
Бірде олай, бірде бұлай дүние жалған».
Қара етік, қызыл камзол, камшат бөрік,
Киім жоқ бұл Мекейден аяп қалған.

«Мен бір қыз бұл шаһардан алып едім,
Адам боп кетуге күш салып едім.
Бір жылы аяғы ауыр пері әкетіп,
Айрылып, күшім келмей қалып едім.

Сол қыздан туған екен осы бала,
Қаңғырған кезіп, іздеп айдалада.
Қолынан перілердің қашып шығып,
Дәм айдап кез келтірді осы арада.

Кәсібі бұл баланың қайрақ жиған,
Егіннен тамағы үшін торғай қуған.
Тапқанын тас та болса тастамайын,
Босанбас өлмей адам бұл дүниеден.

Дүниенің көрген пенде тамашасын,
Әр түрлі күйге салған адам басын».
Он сегіз арба болды – бәрі гауһар,
Күймеге салып алды сайдың тасын.

Той қылды, қуанғаннан үш қой сойып,
Мәз болды малайлары майға тойып.
Таң атып, күн шыққан соң есен-аман,
Жөнелді тоғанаққа жүгін қойып.

Байбатша үш күн жүрді жүгіменен,
Түйені жүргізеді жөніменен.
Байбатша ел сағынып, озбақ болды,
Олжа қып, тауып алған ұлыменен.

Екеуі келе жатыр екпіндетіп,
Арада бірнеше күн, көп күн өтіп.
Үш күрең арғымақпен сырылдатып,
Мысырдың шаһарына келді жетіп.

Хакімнің басқа адамнан артық заты,
Сабылтты үй сағынып мінген атын.

Хабарсыз ешнәрседен келіп қалды,
Келгенін білмей қалды екі қатын.

Екеуі терезеден көрді мұны,
Немене Хакім жоқта көрген күні.
Үйінен күле-жылай жүгіре шықты,
Келе ме қуанбасқа мұның жөні.

Көрісті екі қатын кезек-кезек,
Хакім сонда сөйлейді тілін безеп:
«Байғұстар, мынау – балаң, осыны күт,
Бөтен деп қалмаңыздар бойды тежеп.

Сұрасаң бұл баланың Мекей атын,
Алып ем бағдаттан мен бір қатын.
Бір жылы аяғы ауыр пері әкетіп,
Балам келген, періде қалған қатын».

Қуанды екі қатын тамаша-айлап,
Салады кілем, көрпе үйге жайлап,
Шаһарға той қылуға жұмсау үшін,
Мың ділда шығарады оған сайлап.

Шақырды патшасын бас қып тұрып,
Тойдырды кәрі-жасқа май қаптырып.
Қазынаға алтын салған үлкен кіріс,
Шаһарды тегіс жиды ат шаптырып.

Той өтті неше күнде қызықпенен,
Әуелде не іс болса сызықпенен.
Патшасы әділетті, бек мүләйім,
Ісі жоқ тәкаппарлық бұзықпенен.

Патшасы қонақ бол деп шақырды үйге,
Бақ-дәулет жеткізген соң мұндай күйге.
Сияпат, ғизат-құрмет біткеннен соң,
Базарлық асыл берді екі күйме.

Сонан соң магазинге бұл кіргізді,
Әр жерден саудаменен жүк жүргізді.
Үстіне төрт магазин басшы қылып,
Мекекең піркәшікті соң ергізді.

Гауһарды тазалады маймен жуып,
Кетірді топырағын бәрін жуып.
Бір магазин гауһарға жеке салып,
Тұрады Мекей сонда сауда қылып.

Осындай саудаменен үш жыл тұрды,
Серілік, үлкен базар, дүкен құрды.
Баса алмай серіліктен екі аяғын,
Шаһарда қыз біткеннің бәрін көрді.

Тоқтатпас ақылға сап өзін-өзі,
Ешкімді ұнатпайды түссе көзі.
Айнымалы бүркіттей мінезі бар,
Бір күн оң, бір күн теріс айтқан сөзі.

Хакім айтты: «Сен бұйтпе, балам, - дейді. –
Көңілің болып жүр ғой алаң, - дейді. -
Қай қызды алам десең, әперемін,
Бұл күнде келіп тұр ғой шамам», - дейді.

Мекей айтты: «Қыздардан қыз алмаймын,
Шаһардың көп қызына көз салмаймын.
Асылзада патшаның тұқымы ғой,
Патша қызын алмасам, қыз алмаймын!»

Хакім айтты: «Патшаның бір ұлы жоқ,
Перзенті – жалғыз қызы көңіліне тоқ.
Патшазада болмаса бізге бермес,
Шырағым, бұл сөзіңнің еш орны жоқ».

«Бізге бермей қайтеді патша қызын,
Ай сайын алтын беріп тұрсаң өзің.
Мысырда бір өзіңнен бай адам жоқ,
Бұзады қандай адам сенің сөзің».

Хакім де бұл сөзінен аса алмады,
Көңілін баласының баса алмады.
Патшаға жалғыз барып, жолығам деп,
Қасына дос-дұшпаннан кісі алмады.

Патшаның сарайына келді кіріп,

Ханымыз көрпе салды өзі тұрып.
Қазынаға ақша салған үлкен көпес,
Тұратын әр ай сайын алтын беріп.

Ханменен мәжіліс құрды бір сарайда,
Сөйлесе екеуінің тілі майда.
Зияфат, ғиззат, құрмет біткеннен соң,
Патша айтты: «Қолқанды ал, кетпе жайға».

Хакім айтты: «Өзің ал қалағанды,
Бермессің қолқа қылып сұрағанды.
Серт айтып, қол алған соң мен айтамын,
Сұраймын бір өзіңнен тарағанды».

Патша айтты: «Тарағанның жөні келмес,
Патша жай адамменен болмас теңдес.
Мирасқор қыз да болса жалғыз еді,
Балаңның ақылы толық болса сөйлес».

Хакім айтты: «Бір жалғыз перзентіміз
Сенде де бар, падишам, менде де бар,
Бала үшін екеуміз де жыладық зар.
Жолы бар бұрынғының келе жатқан,
Баланың алтын-күміс меһерін ал».

«Ей, Хакім, өзге жаннан жөнің басқа,
Келдік қой екеуміз де орта жасқа.
Баламды басқа жанға бермес едім,
Қолға ал деп, серт етіп ем, әуел баста.

Баламды мен беремін өзің үшін,
Бересің жүз пұт гауһар меһер үшін.
Екеуміз қол ұстасып дос болған соң,
Барайық Мединаға құдай үшін.

Берейік балаларға мал мен бақты,
Ел-жұртпен және дағы таж бен тақты.
Жас өтті, неше жылдай болдық надан,
Болайық біз де енді ғибадатты».

Сол Хакім хат жазады Мекей жасқа,
«Жүз пұтты безбенге сал, гауһар тасқа.

Мен мұнда патшаменен құда болдым,
Меһері² – жүз пұт гауһар малдан басқа».

Гауһарды әкеледі хатыменен,
Жегулі үш пар қара атыменен.
Патшаның сарайына әкеп төкті,
Құдалық бітіп қалды сәтіменен.

Сөйлесер мылжың емес түні бойы,
Хакімнің қабыл болды айтқан ойы.
Дегенге елу жыртыс талас бар ма,
Тағы да қол ұстатар болды тойы.

Той болды, қол ұстатар, шаш сипатар,
Оңаша бір сарайда Мекең жатыр.
Жиылған қыз, келіншек қынаменді,
Ешбірін түсінбейді Мекең батыр.

Оларды жан екен деп менсінбейді,
Өзіне патша қызын теңсінбейді:
«Күйеужан, басың көтер, бер кел», - десе:
«Ол қыздың өзі маған келсін», - дейді.

Осындай қызықпенен үш күн өтті,
Мекеңнің ақымақтығы жұртқа жетті.
Бір түні қызды әкеліп берді-дағы,
Жиылған көп қатындар шығып кетті.

Қыз қалды күйеуімен оңашада,
Қарандар, аға-інілер, тамашаға!
Екі қолы төбеде үндемейді,
Қаншама жақын барып жанаса да.

«Бармады жүк түйеге, түйе жүкке»,
Қыз байғұс ұшырады мұндай кепке.
Не екенін білмейді мырзасының,
Осы түн рәсуа болып өтті текке.

Шат болып, қыз ханша күле алмайды,
Ешкім де түзу жауап бере алмайды.

² Меһері – қалың малы.

Кеш батып, келер іңір тағы болды,
Мырзаның халы-жайын біле алмайды.

Қатындар қызды әкелді тағы бастап,
Бір үйді екеуіне қойған қостап.
Қызды әкеліп қасына отырғызып,
Жиылған көп қатындар кетті тастап.

Шымылдық, есік жауып, салды төсек,
Пенденің ойлағаны болмайды есеп.
Не де болса армансыз сөйлескелі,
Бетіне жақын келді бетін төсеп.

Ағалар, мен айтайын кепті дейді,
Қыз сондай бек тамаша епті дейді.
«Мырза-еке, сөйлессеңші», - деген екен,
Аузынан бейшараның тепті дейді.

Қыз кетті тепкен кезде мұрттай ұшып,
Қан ақты күрек тістің бірі түсіп.
«Қор болдым бір наданға, дариға», - деп,
Келеді атасына құстай ұшып.

Атасы мұны көріп, шошып кетті,
«Басыңа не күн туды, балам?» - депті.
Өнебойы қызыл қан, тісі кетік,
Қызы өкпелеп: «Ұятты болдым», - депті. -

Қорлықтың бүгін келдім дәмін татып,
Байқадым күйеуімді үш күн жатып:
«Доңыз екен қыздың байы, тәңір-ай, - деп, -
Жіберер, пұлы келсе арзан сатып.

Екі күн, жазығым жоқ, ұрып шықты,
Ауыма бүгінгі күн қатты тепті.
Меруерттей қайран тісім болды кетік,
Көрермін қалайшада енді көпті?»

Шақырды жендеттерін патша сонда,
Хабарсыз Мекең жатқан бір сарайда.
«Бар да күзет, өлтірем дарға асып!
Айрылма сол күйеуден бүгін таңда».

Жендеттер шығып кетті сөз ұққан соң,
Ашуланса патшаның мінезі тоң.
«Жазалап халық алдында өлтіремін,
Алып кел дар басына күн шыққан соң».

Жасауыл таң атқан соң алды байлап,
Темірлеп қол-аяғын һәм бажайлап.
Шошқаның қабанындай есер шіркін
Беталды жалынып жүр «ағатайлап».

Сүйретіп алып келді дар басына,
Мінді ғой Мекең батыр шар басына.
Бақ, Дәулет, Ақылменен серт байласқан,
Дәл келді үшеуінің уағдасына.

Аяңдап келді ақыл дәулет-баққа:
«Мұнша обал қылдыңдар ғой бұл бейбаққа,
Жай жүрген бишараны әуре қылып,
Ажалға өлтірдіңдер мұғаллаққа».

Бақ-дәулет ұялады төмен қарап,
Ақылға сөз айтпады тура қарап:
«Сіз мұны ажалынан алып қалсаң,
Жеңілген болар едік сізге тарап».

«Қой, сендер таласарсың әлі маған,
Алып қал, екеуіңнің келсе шамаң.
Келмесе қолдарыңнан, қарманайын,
Өнерің екеуіңнің бітсе тамам».

«Тоқтайық, бекр босқа кетер өліп,
Байғұстың ажалына болдық серік.
Сіз мұның кеудесіне кіріп алып,
Алып қал патшаменен сөзге келіп».

Ақыл барып кеудеге қонып қалды,
Ой ойлап, іші сөзге толып қалды.
Жасауылдар сүйретіп дар басында,
Патша да уәзірімен келіп қалды.

Патша әмір қылды тақта тұрып,

Жендет тұрды мойнына шынжыр ұрып.
«Үш ауыз айтатын арыз бар», - деп,
Алдында Мекей тұрды қол қусырып.

«Ей, тақсыр, өлтірсеңіз, міне басым!
Дер уақыт осы күнде келген жасым.
Мен тептім балаңыздың ауызына,
Айтайын тепкенімнің хикаясын.

Дүниеге бұл балаңыз келген екен,
Бұрын да сан балаңыз өлген екен.
Рәсім, ырым қылып өлмесін деп,
Әуелде ит емшегін берген екен.

Ағалар, мен айтайын кепті, - дейді,
Майда тіл Мекең болды епті дейді. —
Аузынан «арам тиген» қан шықсын деп,
Ойға сап, соның үшін тептім, - дейді. —

Екінші сөзім мынау ойыма алған,
Ей, патша, қызықтырды сізді жалған.
Заңына шариғаттың жатпайтын іс -
Жарай ма жүз пұт гауһар меһер алған?

Үшінші, сөзім арты бітсін тамам,
Айырап ақ-қараны сіздей адам.
Қайсыбір надандарша түк білмейтін
Некесіз қызыңды әкеп бердің маған.

Алдыңа кез болыппын бүгінге дәл,
Хакімнің шарбағында мен — жалғыз гүл.
Өлім халге таянған соң сөзімді айттым,
Жә өлтір, жә өлтірме — өзіңіз біл».

Патша да бәйбішесін шақырады,
Жендетке тез әкет деп бақырады.
Мәнісін тексерместен күш қылдым деп,
Ісіне бұрынғы өткен қапы ұрады!

Бәйбіше айтты: «Бірталай жасқа жеттім,
Күні-түні перзент сұрап үміт еттім.
Алдыңғы балаларым тұрмаған соң,

Біреудің айтуымен ырым еттім». Патша ұялды өзінің бұл ісінен, Амалсыз айырылғандай өз күшінен. Мекейді сарайына қоя беріп, Үйіне қайтып кетті көп кісімен.

Шақырды бәйбішесі мен патша қызын, Айтады ақылымен жақсы сөзін. «Ақылы, парасаты түгел екен, Көрсетті жорта тентек Мекей өзін.

Алғаның құтты болсын, жаным балам! Сөзіңнен қатты ұялдым мен де жаман. Ақылың екеуіңнің бірдей болды, Ризалық берді саған ата-анаң».

Ел жиып, патша сонда той қылдырды, Атағын, патшалығын әм білдірді. Мекейге патша беріп таж бен тақты, Патшалық қағазына қол қойылды.

Екі бай Мекке жаққа жүріп кетті, Мал-мүлкін екеуіне тастап кетті. Бақ, дәулет ақылменен таласса да, Ақырында екеуінен ақыл озды.

Ал, жігіттер, бұл сөздің шешуін тап, Бай болғанмен не боларсың, болсаң ақымақ. Ақымаққа мал бітсе, мас болады, Ақылсыз түк бітірмес мал менен бақ.

